# Іскерліктің бастамасы жеке кәсіптен басталады



**Іскерлік – бұл мәдениетінің елеулі нышаны, қызметтің белгілі бір жеке іс бабындағы аса маңызды белгісі, ұтымды ұйымдасқан істің мүддесіне айқын бағдарланған өзінің міндеттеріне іскерлікпен қарай білуі.**

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің де білікті кадрлар даярлауы қажет екені айтылды. Елімізде жұмысшы мамандықтардың маңызы арта түспек. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы дәстүрлі Жолдауында: «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Біз түрлі салалардағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал», - дейді. Онсыз да бүгінде сұранысы жоғары мамандық саналатын бұл саладағылар қандай құрметке де лайық.**

Жуырла ел ордасы - Астана қаласында өткен "Жұмысшы мамандықтар қаласы" фестивалі ерекше мән-мағынаға ие болды. Бұл шара еліміздің еңбек нарығында маңызды рөл атқаратын жұмысшы мамандықтарының сұранысын арттырып, жастарға өз кәсібін таңдау жолында үлкен мүмкіндік ұсынды. Шараның аясында әртүрлі шеберлік сабақтары, көрмелер мен танымдық кездесулер ұйымдастырылды.



Колледжіміздің студенттері мен оқытушылары да бұл маңызы зор іс-шарадан тыс қалмады. Астана қаласына арнайы келген студент жастар жұмысшы мамандықтарының шексіз әлемімен таныса отырып, шеберлердің басшылығымен түрлі жұмыстарды жасап, қолынан келетін өнерлерін паш етті. Бұл іс-шара студенттердің тек теориялық білімдерін емес, тәжірибелік дағдыларын да шыңдауға зор мүмкіндік берді.




"Жұмысшы мамандықтар қаласы" фестивалі – жастардың кәсіби болашағына бағытталған жарқын жол және жаңа шыңдарға жетелейтін айрықша алаң. Біздің колледжіміздің ұстаздары мен студенттері аталған іс-шараға қатысып, білім беру үдерісінің жаңа тәсілдері мен техникалық салалардағы инновациялық әдістер туралы пікір алмаса отырып, өз тәжірибелерімен де бөлісті.

Бұл жағымды жаңалыққа кәсіптік-техникалық мамандарды даярлайтын оқу орындарының ұжымы да қуанып отыр. Қазір оқу орындары жұмысшы мамандығын жұмыс берушімен бірге даярлайды. Мұның нәтижесі өте жақсы.

Енді Мемлекет басшысының осы Жолдауынан кейін жұмысшы мамандарды даярлайтын білім мекемелері мен жұмыс берушілер арасындағы байланыс, ынтымақтастық одан әрі беки түсері анық. Шынында да, бір жылдары жұмысшы мамандығының беделі күрт төмендеп кеткен еді. Қазіргі уақыт талабы басқа. Соны ата-аналар мен жастар да түсінді. Бүгінде жоғары сынып оқушылары арасында жұмысшы мамандыққа деген қызығушылық артып отыр. Дегенмен бұл мамандық иелерін дәріптеу қоғамда әлі де кемшіл секілді көрінеді. Сондықтан еңбек майталмандарын көбірек насихаттап, жастарды адал еңбек етуге үйретсек, ұтарымыз көп. Оны білім ұйымдары, ата-ана және жұмыс беруші мекеме – үшеуі бірлесіп жүргізгені дұрыс.

Дуалды оқытудың бір ерекшелігі – теорияны өндіріспен ұштастырады. Осы бағдарлама шеңберінде оқу мекемесі жұмысшы мамандарды жұмыс беруші бірігіп даярлайды. Мәселен, студент өз білімін 60 пайыз тәжірибемен, 40 пайыз теориямен жетілдіреді. Яғни жұмыс беруші ұйым тәжірибе барысында студентті өздері ұсынған мамандық бойынша даярлайды. Бұл – өте жақсы. Алайда тәжірибеден өтіп жүрген студентке тәлімгердің де берері мол. Қазір елімізде жұмысшы мамандығында оқитын студенттер толықтай тегін білім алады. Мәселен, жұмысшы мамандығы жұмыс берушінің сұранысымен даярланып, соған сәйкес мемлекеттен грант бөлінеді. Жұмысшы мамандықтарына талапкерлер оқуға емтихансыз қабылданады. Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі дуалды оқыту бағдарламасы бойынша студент тәжірибесі еңбек өтіліне кіретін өзгеріс енгізді. Осының бәрі – жұмысшы мамандарды даярлауға Үкімет тарапынан жасалып отырған үлкен қолдау.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының халқымызға арнаған Жолдауы ел дамуына жаңаша серпін беріп қана қоймай, жұмысшы мамандығының беделін көтерді. Президент Жолдауында кәсіптік білім саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе екенін жеткізді. Бұл осы салада еңбек етіп жүрген педагогтердің білімі мен біліктілігін дамытуға, жетілдіруге серпін береді. Сонымен қатар кәсіптік-техникалық оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға да септігі тиеді деп сенеміз!

**Зере ОМАР,**
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінің делегация мүшесі.**